

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Алматы, 2024

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 4 (90), 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (90), 2024 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:
филол. ғ. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирова Д.А.

Редакциялық алқа:
филол. ғ. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол. ғ. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.д., проф., Эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Кынова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай
мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)
филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар
достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур
университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон
университеті Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир
университеті

Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2024

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 30.12.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,1 е.б.т.
Тапсырыс 173.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Arkhangelskaya A. Magical gesture in the sign cultural and national space of Ukrainian and Russian phraseology..... 5

Архагельская А.М. Украин және орыс фразеологизмдерінің символдық-мәдени және ұлттық кеңістігіндегі сикырлы кимыл

Архагельская А.М. Магический жест в знаково-культурном и национальном пространстве украинской и русской фразеологии

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Классификация триггерных тем. К вопросу проведения судебной лингвистической экспертизы..... 15

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Трэггерлі тақырыптарды сыртқылау. Соттық лингвистикалық сараптама жүргізу мәселесіне қатысты

Adibayeva S., Kazabeyeva V. Classification of trigger topics. The issue of conducting forensic linguistic expertise

Кенжегалиева М.К. Көптілділік жағдайында жастар арасында қазақ тілін қолдану динамикасының өзгеруі..... 22

Кенжегалиева М.К. Изменение динамики использования казахского языка среди молодежи в условиях полиязычия

Kenzhegaliyeva M. Changes in the dynamics of the use of the Kazakh language among young people in the context of multilingualism

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Образ Казахстана в художественной литературе..... 34

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Көркем әдебиеттегі Қазақстан бейнесі

Abisheva S., Atembayeva G., Khavaidarova M. The image of Kazakhstan in fiction

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы Ә. «Даңқ пен дақпырт» романындағы дәуір шындығы..... 41

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы А. Реалии эпохи в романе «Известность и молва»

Bisengali Z.-G., Zholdaskalikyzy A. The realities of the era in the novel «Fame and rumor»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №4 (90), 2024 г.

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Есенова К.У.
Научный редактор
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Жынова Ж.К.
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т. Жургенова Жалалова А.М.
д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., РУДН Бахтикерева У.М. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира Табачникова О.М. (Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.12.2024.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,1 уч.-изд.л.
Заказ 173.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Герчинска Д. Казахстанско-польские литературные связи: исследование взаимовлияния и культурного обмена..... 46

Герчинска Д. Қазақстан-Польша әдеби байланысы: өзара әсері және мәдени қарым-қатынасты зерттеу
Gierczyńska D. Kazakh-Polish literary relations: a study of mutual influence and cultural exchange

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Өмір тарихтың өзінен алынған туынды..... 53

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Художественное произведение, рожденное самой историей жизни
Kaztayeva A., Tokshylykova G. A work of art, born from the very history of life

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Қазақ прозасындағы микрожанрлардың жанрлық ерекшеліктері..... 59

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Жанровые особенности микрожанров в казахской прозе
Nurakbayeva A., Matbek N. Genre characteristics of microgenres in Kazakh prose

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық символиканы қолдану: психолінгвистикалық аспектілері..... 65

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Использование фольклорной символики в современной казахской детской литературе: психолінгвистические аспекты
Ospanov Y., Mergenbayeva A. The use of folklore symbols in modern Kazakh children's literature: psycholinguistic aspects

Тлеубекова Б.Т. Көркем шығармалардағы элеуметтік мәселе..... 78

Тлеубекова Б.Т. Социальная проблема в произведениях искусства
Tleubekova B. Social problem in works of art

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Орта мектепте фольклорлық шығармаларды жасанды интеллект арқылы оқыту әдістемесі (5-7 сынып)..... 84

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Методика преподавания фольклорных произведений с использованием искусственного интеллекта в средней школе (5-7 классы)
Ospanov Y., ZhetpisoV Y. Methodology for teaching folklore works using artificial intelligence in secondary schools (grades 5-7)

**Abai Kazakh National
Pedagogical University
BULLETIN
№4 (90), 2024**

Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Abisheva S.*

Deputy Editor-in-chief

*Doctor of Philological Sciences, Professor
Essenova K.
Scientific Editor
PhD, Associate Professor Sabirova D.*

Editorial board

*Candidate of Philological Sciences, Associate
Professor Zhirenov S.*

*Candidate of Philological Science, Associate
Professor Satemirova D.*

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Dzholdasbekova B.

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,
Al-Farabi Kazakh National University*

Salkhanova Zh.

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
Kazakh National Women's Teacher Training
University Kiyнова Zh.*

*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov
Kazakh National Academy of Arts*

Zhalalova A.

*Doctor of Philological Sciences, Associate
Professor, Gorno-Altaysk State University*

Alekseyev P. (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
RUDN Bakhtikireeva U.* (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,
University of Warmia and Mazury*

Kiklewicz A. (Poland)

*PhD, Professor, George Washington
University Rollberg P.* (USA)

*PhD, Professor, University of Central
Lancashire Tabachnikova O.* (The United
Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor Serikova S.

Technical Secretary

*Candidate of Philological Sciences, Associate
professor Osmanova Z.*

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024

Registered
in the Ministry of Culture and Information of the
Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No 10109-Zh/Ж

Signed in print 30.12.2024
Format 60x84 1/8. Volume 15,1
teaching and publishing lists.
Order 173.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU
Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Umarova A. CLIL technology in teaching Russian language
to students-historians at a pedagogical university..... 90

Умарова А.Б. Педагогикалық жоғары оқу орнында
тарихшы-студенттерге орыс тілін оқытуда CLIL
технологиясы

Умарова А.Б. CLIL в обучении русскому языку
студентов-историков в педагогическом вузе

**ЖУРНАЛИСТИКА
ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALISM**

Мадиев С., Шарапиева Р. Интерактивті ортадағы баспа
өнімдері: дәстүрлі және жаңа медиа байланысы..... 97

Мадиев С., Шарапиева Р. Печатная продукция в
интерактивной среде: традиционные и новые
медиакоммуникации

Madiyev S., Sharapiyeva R. Printed products in an
interactive environment: traditional and new media
communications

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION STUDIES**

Мукашева А.А. Аударма ісіндегі заң терминдерінің
лингвомәдени және құқықтық ерекшеліктері..... 103

Мукашева А.А. Лингвокультурные и правовые
особенности юридических терминов в переводческом
деле

Mukasheva A. Linguocultural and legal features of legal
terms in translation

Біздің авторлар..... 115

**Наши авторы
Our authors**

FTAMP 17.07.41

10.51889/2959-5657.2024.90.4.006

Бисенғали З.-Ғ.Қ.¹, Жолдасқалиқызы Ә.^{2*}
^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
e-mail: zinolgabden@hotmail.com
*e-mail: aisee0106@mail.ru

«ДАҢҚ ПЕН ДАҚПЫРТ» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті ақын, жазушысы Жүмекен Нәжімеденовтің «Данқ пен дақпырт» романына талдау жасалған. Романның бас кейіпкерінің тағдыры арқылы жазушы өз дәуіріне тән өзекті мәселелерді қамтыған. Шығармада бір-біріне характерлік тұрғыдан қарама-қайшы кейіпкерлер образы жан-жақты сипатталады. Зерттеу жұмысында романның көркемдік-идеялық ерекшелігін зерттеп, романдағы данқ пен дақпыртқа құрылған өнер адамының тағдырын сараптау негізге алынады. Шығарманың көркемдік қуатын арттыру үшін қолданылған мәтіндегі монолог, диалог, ситуация секілді психологиялық әдіс-тәсілдердің рөліне айрықша мән беріледі. Өнер жолындағы түрлі қақтығыстарды, атақ-даңқтың да екінші көлеңкелі тұсын, шығармашылық күйреу секілді проблемаларды көркем шығарманың идеясына айналдырған жазушы шеберлігі де сарапталады. Халық болмысының негізгі діңгегіне айналған ұлттық таным-түсінік, салт-сана, әдет-ғұрып жайы тілге тиек етіліп, шығармадан мысал келтіре отырып талданады.

Түйін сөздер: роман, дәуір, данқ, дақпырт, өнер, өмір, Жүмекен Нәжімеденов

Бисенғали З.-Ғ.Қ.¹, Жолдасқалиқызы А.^{2*}
^{1,2}Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
Алматы, Казахстан
*e-mail: zinolgabden@hotmail.com
e-mail: aisee0106@mail.ru

РЕАЛИИ ЭПОХИ В РОМАНЕ «ИЗВЕСТНОСТЬ И МОЛВА»

Аннотация

В статье проведен анализ романа выдающегося поэта и писателя казахской литературы Жумекена Нажимеденова «Известность и молва». Через судьбу главного героя романа писатель освещал актуальные проблемы, характерные для его эпохи. В произведении подробно описываются образы персонажей, которые характерно контрастируют друг с другом. В исследовательской работе за основу берется изучение художественно-идейной специфики романа и анализ судьбы человека искусства, построенного на славе и молве в романе. Особое внимание уделяется роли таких психологических приемов, как монолог, диалог, ситуативность в тексте, используемых для повышения художественной мощи произведения. Анализируются различные конфликты на пути к искусству, вторая тень славы, творческое рушение и мастерство писателя, превратившего его в идею художественного произведения. Национальные знания, обычаи, традиции, ставшие основой народного бытия, анализируются на примере произведения.

Ключевые слова: роман, эпоха, слава, молва, искусство, жизнь, Жумекен Нажимеденов

Bisengali Z.-G.¹, Zholdaskalikyzy A.^{2*}
^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan
*e-mail: zinolgabden@hotmail.com
e-mail: aisee0106@mail.ru

THE REALITIES OF THE ERA IN THE NOVEL «FAME AND RUMOR»

Abstract

The article analyzes the novel by the outstanding poet and writer of Kazakh literature Zhumeken Nazhimedenov “Fame and rumor”. Through the fate of the main character of the novel, the writer highlighted the current problems characteristic of his era. The work describes in detail the images of the characters, which characteristically contrast with each other. The research work is based on the study of the artistic and ideological specifics of the novel and the analysis of the fate of a man of art built on fame and rumor in the novel. Special attention is paid to the role of such psychological techniques as monologue, dialogue, situationality in the text, used to enhance the artistic power of the work. The article analyzes various conflicts on the way to art, the second shadow of glory, creative destruction and the skill of the writer who turned it into the idea of a work of art. National knowledge, customs, traditions, which have become the basis of national existence, are analyzed by the example of the work.

Keywords: novel, epoch, fame, rumor, art, life, Zhumeken Nazhimedenov

Кіріспе. Жұмекек Нәжімеденов «Даңқ пен дақпырт» романына қатысты жазылған рецензияға жауабында: «Әдебиет өз азығын өмірден, болмыстан алады; содан табады бірақ, пісіп-түскен дайын күйінде емес, бұрыш-қыры, олқы-ортасы мол, ешқандай жүйе-жүлгеге түспеген шикізат күйінде алады», – деп пікір білдірген еді [1, 192]. Шынында әр әдеби шығарманың жазылып, жарық көрудегі мақсаты да осы өмірдің шындығын тап басып айту десек қателеспес едік. Француз жазушысы Жан Ростанның «Әманда өзіміздің білетінімізді айтып таңғалдырып кеткен адам – міне, нағыз үлкен жазушы сол» деген сөзі осы ойымызды дәлелдей түседі [2, 215]. Жазушы Ж. Нәжімеденовтің соңғы романы өнер адамының даңқ пен дақпыртқа құрылған тағдырын жеткілікті түрде ашып суреттеген. Басты кейіпкер Идаяттың тәтті естеліктерге құрылған жастық шағының, асқақ арманының соңы үлкен трагедияға ұласуын, қазақ халқының тұрмысын, ел мінезінен жоғалып бара жатқан ұлттық болмыс, дәстүр жайын сынап, астарлап көрсетеді. Идаят пен Кемел, Зібайра мен Алтын, Еділхан мен Ғинақаң секілді характерлік тұрғыдан бір-біріне қайшы кейіпкерлер іс-әрекетін қатар суреттеу арқылы оқырмандарды адамдардың түрлі типінен жирендіреді. Романның басталуында Идаят ағайынның ортасында, өз туып-өскен ауылында отырады. Жұрттың жапа-тармағай бұдан атақты Жолымболмен кездесіп-кездеспегені туралы сұрақ қоюы жас таланттың ішіндегі алғашқы қызғаныш отын маздатады. Идаят іштей Жолымболды мойындамайды, сол үшін де мұны баласынып менсінбейтін ауыл адамдарына мықтап ренжиді, оларды тіпті шын өнердің құдіретін түсінбейтін ақымақ санап жатсынады. Бұл кез қыр қазақтарының бейбіт тұрмысқа еті сіңген, еркектерінің карта ойнап, әйелдерінің жібек мата жамылып, сәнденуге ерекше бет бұрған шағы болатын. Автор мұны романның алғашқы тарауындағы кейіпкерлер диалогы, монологы арқылы сипаттайды. Мәселен халық жағдайының соғыс жылдарына қарағанда біршама жақсарғаны туралы шығармадағы: «Ең үлкен жаңалық, жақсы жаңалық – елдің күйлілігі. Қай үйге барсаң да ас-су, дүние-мүлік жетіп жатты» деген Идаяттың монологынан-ақ байқауымызға болады [3, 15]. Жазушы радиода екі әні шырқалып енді танылып келе жатқан жас композитордың әрі қарайғы тағдырын қатал да суық адамдарға толы алып астанада суреттейді. Адам өзгерген, адамның мінезіне сай заман да құбылған. Ата-баба дәстүрін сақтаған елдің жүріс-тұрысы тосыннан өзгеріп бастаған. Мысалы Идаяттың әжесі немересіне ырымдап беріп жіберген ит көйлекті жақтырмай лақтырып жіберген келіншек Зібайраның

әрекеті – қазақ қызына жат қылық. Бірақ оны түсініп жатқан Зібайра жоқ. Өйткені ол қазақша екі сөздің басын қоса алмайтын, түсінігі орысша қалыптасқан, қаланың еркеотай қызы. Қаламгер Зібайра бейнесін оқырманға таныстырғаннан соң лирикалық шегініс жасап Идаяттың бала күнінде атастырылған Алтын деген қызды параллель суреттейді. Алтын – совхозда сауыншы қызметін атқарып жүрген, сыпайы да сүйкімді қыз. Ол Идаятты оқуға кетерде ақ жол тілеп шығарып салған. Араға үш жыл салып қайта көріскенде Идаят өзінің Алтын секілді ауылдың ниеті ақ, ойы адал қызына лайық емесін сезеді. Ойша Алтынды Зібайрамен салыстырып өзін де, Зібайраны да қаланың қатаң тәртібі әлдеқашан бұзып жібергенін түсінеді. Суреткердің шығармадағы мұндай салыстырулары 70-80 жылдардағы қала мен дала өміріндегі, адамдар мінез-құлқындағы айырмашылықтарды көрсетуге бағытталған. Алайда Идаят ақыр түбі Зібайрамен де жараспай ажырасып тынады. Екеуінің бір-бірімен ешқашан үйлесім таппаған жан-дүниесін автор шығармада жеңіл юмормен: «Домбырасының екі ішегін бір-біріне үйлестіре алмай, сол күйінде қабына салып жапты да пыс-пыс күлді: екі ішек – келіншегі екеуі сияқты көрінді» – деп бейнелейді [3, 37].

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысының материалы ретінде Ж.Нәжімеденовтің «Даңқ пен дақпырт» романы және отандық ғалымдардың романға қатысты зерттеулері мен мақалалары негізге алынды. Мақаланы жазу барысында зерттеу әдістері ретінде ғылыми және әдеби талдау жүргізілді, романның мазмұнына ұқсас қазақ әдебиетіндегі өнер иелерінің тағдыры туралы жазылған басқа шығармалармен де салыстырмалы талдау жасалынды. Жасалған тұжырымдамалар нақты мысалдармен көрсетіліп, дәйектер келтірілді.

Ж.Нәжімеденов «Даңқ пен дақпыртта» алдыңғы прозалық шығармалардағы әдетінше ұзақ-ұзақ баяндаулардан қашып, оның орнына бар назарын кейіпкерлер портретін, қарым-қатынасын деталь, штрихтармен бейнелеуге жұмсайды. Роман жарық көре салысымен түрлі рецензенттердің талқысына түсіп, көбі эпикалық шығармаға тән тартыс-талас жоқ, оқырманды қызықтырып, жетелеп әкететін сюжет көрінбейді деп сынады. Алайда автордың романдағы көркемдік шешімі де дәуір шындығын тұтас күйінде көрсету, кейіпкерлерді идеализациялаудан алшақ болу болатын. Жазушы өзі де романына қатысты жазған «Ал автор не айтар екен?» мақаласында: «Мен қара сөзбен жазылған кітаптарымда (әсіресе «Даңқ пен дақпыртта») осы, өзімше, адам санасына әсер еткен дәуір, уақыт белгісін тек өз құралыммен көрсетуге тырыстым. Атап айтқанда, бұл кітапта ашық айқас жоқ, бірінен-бірі туындап, иір-қиыр дамып жатқан оқиға-сюжет жоқ деуге болады. Есесіне, деталь бар. Деталь көп. Оқиға-сюжет ойлап таба алмағандықтан, не бұрынғы классикалық романдардың моделін білмегендіктен емес, қайта солардан мүмкіндігінше қашқандықтан, көп жүкті детальға арқалатуға ниеттеніп ем. Кейіпкерлердің ішкі дүниесін ашуда да мен үшін, детальдың рөлі үлкен» – деген ойына нықтап бекінген [1, 192]. Осылайша Идаяттың қалаға келгеннен кейінгі әрі қарайғы өмірін, тағдыр торабында жолықтырған адамдарының кейпін натурализмге салып егжей-тегжейлі бейнелеп, сюжет өрби түседі. Пәтерден-пәтерге ауысып күн көріп жүрген жігіттің өмірі арқылы сол кезеңде басталған баспана мәселесін тілге тиек етеді. Пәтерін Идаятқа жалға берген Қабекеңнің түр-түсі романда: «Пәтер иесі қырықтың мол ішіндегі, бет-аузы қож-қож, күніне екі-үш мәрте арақ сұрағанынан басқа міні жоқ, семік қара қазақ. Бүкіл бітім-тұлғасында назар аударуға татырлық жалғыз мүшесі – мұрын, екі қастың ортасынан белгісіздеу басталады да, көздің деңгейінен төмендей бере сәл оңға ойысады, солға бұрылады, сон-соң оңға бұрылып, жоғарғы еріннің үстіне үңіле кеп, біздей боп бітеді» – деп суреттеледі [3, 30]. Қабекең қанша бастық болса да мейірімді бірақ ішкілікке салынған. Әйелі Қасиба болса ерінің ішкеніне ашуланбайтын, тосын қылықтары көп түсініксіздеу жан. Күйеуінің арақ ішкеніне таусылмауы бір жағынан мінездегі шыдамдылық болса, бір жағынан қу құлқынның құлы болған жанға айта-айта жалыққандық болуы да мүмкін. Шығарманың шарықтау шегінде қу арақтың соңына Идаят та ілеседі. Мұнымен жазушы сол дәуірдегі көпшіліктің араққұмарлығын сынаған болса керек-ті. Роман желісі бұдан әрмен Идаят пен Кемелдің консерваториядағы оқиғаларымен жалғасады. Сыншы Бекмұрат Уахатов «Табиғилық

таразысымен өлшесек...» мақаласында романның дамуындағы кейіпкерлер образына қатысты мынадай пікір білдіреді: «Романда жиырмадан астам кейіпкер бар. Солардың ішінде өзіндік бітім-тұлғасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті айқын дараланған образдар аз емес. Мысалы, Жолымбол мақтан сүйгіш, дәреже құмар, өзгенің өскенін көре алмайтын күншіл адам болса, доцент Мәліков – өтірік білгішсініп көрінетін «ұстаз» санатынан. Өзі өнерсіз бола тұрса да, мақтағанды ұнатады. Ал Идаяттың немере ағасы Ғұмар аңқылдаған ақ пейіл ауыл ақсақалы, тапқыр, ділмар көрінеді. Бұлардың бәрі де оқушының жадында сақталатын жанды бейнелер. Автордың, әсіресе, көбірек көңіл аударып, даралап көрсетуге тырысқан кейіпкері Идаят. Ол кіммен қалай сөйлесуді көп біле бермейтін, өмірге бейімсіздеу жан. Бұған қарағанда жан дескен жалғыз досы Кемел әрі пысық, әрі ширақ» [4, 3]. Кемел үнемі Идаятқа жол көрсетуші, жамандығын жасырып, жақсылығын асырып жүрген жан досы. Бірақ бас кейіпкерімізге қарағанда өмірдің қиын кедергілерінен жол тауып шыға алатындай ақылды, қажет жерінде айлакер де бола алатын сергек жан. Идаят жасап жүрген өнерінен мән көрмей басы салбырап, еңсесі түскенде де Кемел әрдайым жанынан табылып оған дем беріп жүреді. Кейде досына жылы сөз айтып шабыт берсе, кейде ұрысып та алады. Қайткенде де қаламгер Кемел тұлғасы арқылы бүгін оқырманға достықтың шынайы үлгісін көрсетіп, одан үлгі алуға шақыратындай. Ал доцент Мәліковтің ескертуінен қорытынды шығара алмай басы қатқан Идаяттың жаңа ән жазуға құлшынысының азаюы, үйге келіп бір қабырғаға телміріп қарап отыруы сынды эпизодтар әр шығармашылық адамның тағдырындағы тоқырауды ашық бейнелеп тұр.

Нәтижелер және талқылау. Романның желісіне арқау болған өнер адамы, Идаяттың өнер жолындағы үлкен сілкіністің негізгі себепкері – Жолымбол Жарқынов. Екі кейіпкердің әлеуметтік деңгейі әртүрлі, тіпті ой-өрісі мен сана-сезіміне дейін бір-бірінен айырмашылығы мол. Бірақ екеуін шығармада байланыстырып тұрған күдірет – өнер. Автор Жарқынов секілді кейіпкерді ойдан құрамаған. Ол кәдімгі өмірдің өзінен туған, әр дәуірде бола бермек, жасай бермек ірі образ. Идаятқа өнердегі ағасы Жолымбол көрген сайын көп кеңес беруге тырысады. Жолымбол Жарқыновтың ойынша өнер қуған әрбір жас ұлттық өнердің шеңберінде қамалып қалмауы керек, мүмкіндігінше еуропалық музыканы бойына сіңіре түскені абзал. Алайда Идаят пікірі бұған келіспейді. Осылайша романда өнер жайына қатысты ашық пікірталас туындайды. Идаяттың Жолымбол ақылына құлақ салмай өз жолымен жүруінің де мәнісі бар. Ол әндері әлдеқашан республикаға тарап, атағы шыға бастаған жас композитор. Өнер хақында өзіндік ойы қалыптасып үлгерген. Дегенмен Идаят айналасынан шаршай бастаған. Турашыл мінезі оған көп жағдайда кедергі келтіріп, соңында тіпті оқуды да бітіре алмай келесі жылға қалып қояды. Өнерде шашбауын көтеріп тұрған жалғыз қазынасы – есімінің жанына қосақталып жүретін «талант» сөзі. «Талантты композитор Садықжанов». Осы арқылы жазушы Идаяттың өмір белесіндегі жарқ еткен даңқтың дақпыртын да шынайы суреттеуге күш жұмсайды. Сыншы Төлеген Тоқбергенов Идаят образының жасалуына қатысты: «Біз Жүмекен романындағы Идаят бейнесінен өнер қуған жасты көреміз. Кеше, бүгін, қазір арамызда жүрген талантты жастың таныс жүзін көргендей боламыз. Данышпан емес, бәрімізден мойын оздырып, төбемізден көрінген, оқшау, өзгеше артық қасиеттің иесін емес, жұрт қатарлы, тіпті, қасымызда жүрген қарапайым ғана дарын иесінің бейнесін түстеп танығандай боламыз. Идаят, шынында да артықша ақыл, көркі жоқ, бүгінгі көп талантты жастардың бірі ғана. Сөз арасында айта кетейін, бірді-екілі сынала тұрса да замандастарымыз жайындағы тәуір шығармалардың бірі – «Көк мұнардағы» Едігедей мынау, Идаят білгір, білімді де емес. Тек тумысынан табиғат өзі сыйлаған талантты жас», – деп пікір білдірген болатын [5, 195]. Идаят – шын талант. Өнер хақындағы толғамдарға қатысты авторлық позиция да шығармада осы Идаяттың ішкі тебіренісі арқылы беріледі. Досы Кемел суреттегендей Идаят тек жүректен құралған, жаны мен тәні өнерге арналған болмыс иесі. Тағдыр таршылық көрсеткенде әлеуметті түсінбей өзін-өзі жиі кінәлап, өзеуреп сөйлейтіні де сондықтан. Жеңіл өмірге бойы үйреніп, ішкілікке салына бастаған шағында кездескен Сонямен де жарасып кете алмауы композиторға қатал тағдырдан берілген жаза секілді. Жазушы осы арқылы өнер әлеміндегі атақ-даңққа қолы жеткен соң оны көтере алмай даңғазалыққа салынып кететін «көпті» сынағандай көрінеді.

«...Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Дина. Домбыра – солардың қолында кетті, ескіріп барады» деген жолдардан көпшіліктің жеңіл музыкаға әуестеніп, әләулей қуып кеткенін, ұлттық өнердің, ұлттық домбырамыздың құндылығы түсіп бара жатқанын білеміз [3, 100]. Бірақ қаламгер өз дәуіріндегі өнерді сынаудан аулақ, керісінше кешегі мен бүгінгі өнердің өзара жарасым тапқанын қалайтын ізгі тілегін жасырмайды. Идаяттың да қалауы сол. Домбырамен үйлескен әуезінің ел жадында сақталып, шырқалғанын қалайды. Оны қынжылтатыны – қолдан жасанды талант иелерін жасайтын жоғардағы ағаларының әрекеттері, шын өнердің иісі мұрындарына бармай ертесі күні қолдарына диплом алып шығатын композиторсымақтар. Бұл да сол замандағы шын талант иелерін толғандырған өкініш деуімізге әбден болады.

Әдебиет сыншысы С.Жұмабек: «Өмірдің мәніне азаматтық философия тұрғысынан қарауға шақырады. Соны солайша бағалауға, қымбат пен арзанның, жеңіл мен ауырдың, оңай мен қиынның, өмір мен өлімнің, бақыт пен сордың, қызғаныш пен күншілдіктің, тағысын-тағы әралуан өмірлік коллизиялардың тартысына қағылездікпен қарауға, пейіл-ниеттің қылаусыз атқарылуына жетелейді» – деп баға берген [6, 130]. Идаят Садықжанов даңқ пен дақпыртқа құрылған тағдырында өнер жолын түсінбеген ауылдастарынан, өзіне адал жар бола алмаған Зібайрадан, білімсіздігін шәкірттеріне жаба салатын доцент Мәліковтен, атағын асқақтату үшін көмек қолын созған Жарқыновтан, алдамшы өмірге еті үйренген Сонядан, атағың бар да қолдап, мүдірсең күндеп шығатын елінен, ақыр түбі өзінен түңіліп өмірден безінеді. Автор осылайша қиын да қызыққа толы өнер адамының шырғалаң өмірінің галереясын жасап шығады.

Қорытынды. Академик Ғарифолла Есім «Даңқ пен дақпырт» романын талдай келе: «Идаяттың өмірдегі прототипі Шәмші Қалдаяқов, өзінің рухтас замандасы», – деген болатын [7, 188]. Осы орайда жазушы Р.Мұқанованың композитор өмірінің ауыртпашылығын ашып көрсеткен «Композитор» әңгімесі есімізге түседі. Р.Мұқанованың шығармасында да өнер иесі қоғамның қысымынан ба, әлде өнер деген құдіретті көтере алмағаннан ба ішкілікке салынып, дүниеден баз кешеді. Өмірден өзін таба алмай, сырын ұғып, жанын түсінер дос таба алмай сенделеді. Бір кездері күллі жұрт тамсанып шырқаған әнін іздейді, сол кездегі даңқын аңсайды. «Композиторда» бас кейіпкерге өмірден орнын табуға Елес көмектесе, «Даңқ пен дақпыртта» Идаяттың әркез ес жиюына жолдасы Кемел жәрдемдеседі. Қос шығармада сюжеттік ұқсастықпен қатар көтерген проблема мен айтар идея да бір. Бұл қашанда өзектілігін жоймайтын, өнер жасаған жерде қосақталып жүретін өміршең мәселелер болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нәжімеденов Ж. Ал автор не айтар екен? («Даңқ пен дақпырт» романына жазылған рецензияға жауап) // Жұлдыз. – 1978. – №8. – 190-193 бб.
2. Сахариев Б. Соны да сонар із. Күрескер тұлғасы. Алматы, Жазушы. – 1979. – 214-224 бб.
3. Нәжімеденов Ж. Даңқ пен дақпырт. (Роман, повестер) Алматы, «Жазушы», 1977.
4. Уахатов Б. Табиғилық тұрғысынан өлшесек. («Даңқ пен дақпырт» романына сын) // Қазақ әдебиеті. – 1978. – 31 наурыз.
5. Тоқбергенов Т. Сыншы сарабына салсақ. («Даңқ пен дақпырт» романы туралы) // Жұлдыз. – 1978. – №8. – 193-196 бб.
6. Жұмабек С. Қасірет пен қайсарлық жырлары. Кіт.: Сын әуені. Әдеби ой-толғаныстар. – Астана: Елорда, 2001. – 288 б.
7. Есім Ф. Жалғыздық философиясы. // Таң-Шолпан. – 2015. – №4. – 152-190 б.

References:

1. Nazhimedenov Zh. (1978). *Al avtor ne aitar eken? ("Dank pen dakpyrt" romanyna zhazylgan retzenziyaga zhauap) [The author won't say? A response to the review of the novel "Fame and rumor"]*. Zhuldyz, 8, 190-193.
2. Sakhariev B. (1979). *Sony da sonar iz. Kuresket tulgasy [We will do the same. The fighter's personality]* (pp. 214–224). Almaty: Zhazushy.
3. Nazhimedenov Zh. (1997). *Dank pen dakpyrt. (Roman, povester) [Fame and rumor. (Novel, story)]*. Almaty: Zhazushy.
4. Uakhatov B. (1978). *Tabigilyk turgysynan olshesek. ("Dank pen daqpyrt" romanyna syn) [If we measure from the natural point of view. (A review of the novel "Fame and rumor")]*. Kazak adebieti, 31 nauryz.
5. Tokbergenov T. (1978). *Synshy sarabyna salsak. ("Dank pen daqpyrt" romany turaly) [Let's put it in the critic's mind. (About the novel "Fame and rumor")]*. Zhuldyz, 8, 193–196.
6. Zhumabek S. (2001). *Kasiret pen kaisarlyk zhyrlaru [Sorrow and heroism in poetry]*. In Syn aueni. *Adebi oi-tolganystar [The voice of criticism. Literary reflections]* (pp. 288). Astana: Elorda.
7. Esim G. (2015). *Zhalgyzdyk philosophiasy [The philosophy of loneliness]*. Tan-Sholpan, 4, 152–190.

МРНТИ 17.01.17

10.51889/2959-5657.2024.90.4.007

Герчинска Д.
Поморский университет в г. Слупске
Слупск, Польша
e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

**КАЗАХСТАНСКО-ПОЛЬСКИЕ ЛИТЕРАТУРНЫЕ СВЯЗИ: ИССЛЕДОВАНИЕ
ВЗАИМОВЛИЯНИЯ И КУЛЬТУРНОГО ОБМЕНА**

Аннотация

Казахстанско-польские литературные связи представляют собой уникальный феномен, сформированный благодаря историческим, культурным и социальным взаимодействиям между двумя странами. В данной статье анализируются основные этапы этих связей, начиная с периода польской эмиграции в Казахстан в XIX веке и заканчивая современными формами сотрудничества. Исследование включает анализ переводов, совместных литературных проектов и тем, затрагиваемых в произведениях авторов обеих стран. Особое внимание уделяется роли перевода как посредника культурного диалога, а также влиянию исторических событий на литературные нарративы. Работа опирается на текстовый анализ, сравнительную методологию и архивные данные. Автор отмечает, что Казахстанско-польские литературные отношения являются значимым явлением, которое демонстрирует обмен культурами, их взаимное обогащение и историческую многозначность. Исторические события, такие как депортации и миграции, сыграли ключевую роль в установлении этих связей, а переводы и современные литературные инициативы продолжают способствовать их укреплению в настоящее время. Выводы статьи подчеркивают значимость таких связей для укрепления взаимопонимания и культурного обмена.

Ключевые слова: казахстанско-польские связи, перевод, культурный обмен, польская эмиграция, история, литература Центральной Азии

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Архангельская Алла Мстиславовна – филология ғылымдарының докторы, славянтану кафедрасының профессоры, философия факультеті, Оломоуц қаласындағы Палацкий университеті (Чехия Республикасы), Id=57213609175, e-mail: alla.arkanhelska@upol.cz

Адибаева Шолпан Тимуровна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Казабеева Виталия Алексеевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Кенжегалиева Меруерт Кайратовна – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Абишева Сауле Джунусовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Хавайдарова Мехриниса Марсовна – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mehrinisa_73@mail.ru

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Жолдасқалиқызы Әсел – магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Герчинска Данута – филология ғылымдарының докторы, профессор, Слупск қаласындағы Помор Университеті, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Казтаева Айымжан – әдебиеттану мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Нурақбаева Айгуль – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Мәтбек Нұрсұлу – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Оспанов Еділбай – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Мергенбаева Арайлым – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Тлеубекова Ботакөз Тургамбаевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Жетписов Еділ – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Умарова Акмарал Базархановна – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Мадиев Сансызбай – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyzbay.madiev@mail.ru

Шарапиева Рысалды – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Мукашева Айнур Адилхановна – PhD докторанты, 1 курс. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru

НАШИ АВТОРЫ

Архангельская Алла Мстиславовна – доктор филологических наук, профессор кафедры славистики Философского факультета Университета им. Палацког в Оломоуце (Чехия), Id=57213609175, e-mail: alla.arkhanhelska@upol.cz

Адибаева Шолпан Тимуровна – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Казабеева Виталия Алексеевна – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Кенжегалиева Меруерт Кайратовна – магистрант кафедры казахского языка и литературы Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Абишева Сауле Джунусовна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Атембаева Гульнара Айдашевна – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Хавайдарова Мехриниса Марсовна – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mechrinisa_73@mail.ru

Бисенгали Зинок-Габден Кабиұлы – доктор филологических наук, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Жолдасқалиқызы Асель – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Герчинска Данута – доктор филологических наук, профессор Поморского университета в Слупске, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Казтаева Айымжан – докторант 1 курса литературоведения, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Токшылыкова Гульназ Базарбаевна – магистр, старший преподаватель факультета Филологии КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Нуракбаева Айгуль – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Матбек Нурсулу – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Оспанов Едилбай Толеубаевич – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Мергенбаева Арайлым – магистрант кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Жетписов Едилъ – Казахский национальный университет имени Абая, магистрант 1 курса, специальность Казахский язык и литература, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Умарова Акмарал Базархановна – магистр, старший преподаватель филологического факультета КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Мадиев Сансызбай – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyzbay.madiev@mail.ru

Шарапиева Рысалды – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, аспирант кафедры издательского, редакционного и дизайнерского искусства, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Мукашева Айнур Адилхановна – Phd докторант, 1 курс. ЕНУ имени Л. Гумилева, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru

OUR AUTHORS

Arkhangelskaya Alla – Doctor of Philological Sciences, Professor, Department of Slavic Studies, Faculty of Philosophy, Palacky University in Olomouc (Czech Republic), Id=57213609175, e-mail: alla.arkhanhelska@upol.cz

Adibayeva Sholpan – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: s.adibayeva@satbayev.university

Kazabeyeva Vitalia – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: v.kazabeyeva@satbayev.university

Kenzhegaliyeva Meruert – master's student of Kazakh Language and Literature Department of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: meruertkenzhegalieva@gmail.com

Abisheva Saule – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: 0000-0002-4497-0805, e-mail: s.abisheva@mail.ru

Atembayeva Gulnara – doctoral student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: g.atembaeva@gmail.com

Khavaidarova Mekhirnisa Marsovna – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: mechrinisa_73@mail.ru

Bisengali Kabiuli Zeinol-Gabden – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Zholdaskalikyzy Asel – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: azholdaskalikyzy@mail.ru

Gierczyńska Danuta – Doctor of Philological Sciences, Professor, Pomeranian University in Słupsk, Poland, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Kaztayeva Aymzhan – doctoral student of 1st year of Literature Studies, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

Tokshylykova Gulnaz – Master, Senior Lecturer of Abai KazNPU, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru

Nurakbayeva Aigul – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: aigulnurakbay@gmail.com

Matbek Nursulu – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: nursulu.m@mail.ru

Ospanov Yedilbay – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: ospanov.yedilbay@gmail.com

Mergenbayeva Arailym – master's student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: mergenbayeva00@bk.ru

Tleubekova Botakoz – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Zhetpisov Yedil – Abai Kazakh National University, 1st year master's student, specialty Kazakh Language and Literature, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: edilzhetpis@gmail.com

Umarova Akmaral – Master, Senior Lecturer, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: magenta_feels@mail.ru

Madiyev Sansyrbay – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: sansyrbay.madiyev@mail.ru

Sharapiyeva Rysaldy – Al-Farabi Kazakh National University, postgraduate student of the of Publishing, Editorial and Design arts Department, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: sharapievarysaldy@gmail.com

Mukasheva Ainur Adilkhanovna – PhD student, 1st year. L. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: Wayintoenglish@yandex.ru